

Павлодар облысының білім беру
басқармасы, Павлодар қаласының
Білім беру бөлімінің «Павлодар
қаласының Қалижан Бекқожин
атындағы жалпы орта білім беру
мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекеме

Коммунальное государственное
учреждение «Средняя
общеобразовательная школа
имени Калижана Бекхожина»
отдела образования города
Павлодара, управления
образования Павлодарской
области

140010, Павлодар қаласы,
Щедрина көшесі, 60-ші үй,
тел. 22-88-12

140010 г.Павлодар,
ул. Щедрина 60
тел. 22-88-12

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жылғы 02 қыркүйек

№ 240 н/к

Павлодар қаласы

город Павлодар

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

**«Құқық бұзушылықтың алдын алу» кеңесінің жұмысын ұйымдастыру
туралы**

«Құқықтық насихаттау және құқықтық жалпы оқыту туралы» ҚР Білім
және Ғылым министрлігінің 03.08.2004 жылғы №665 бұйрығын басшылыққа
алып, мектепшілік «қиын бала», аудандық «қиын бала» есебіндегі
оқушылармен құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын жүргізу
мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025-2026 оқу жылында мектепте «Құқық бұзушылықты алдын алу»
кеңесінің мүшелері төмендегідей құрамында бекітілсін:
Г.Ж.Анесова-мектеп директоры
А.К.Акимжанова-директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
Ы.М.Рахимбаева-директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
М.А.Смагулов-алғашқы әскери дайындық мұғалімі
Е.Б.Муликов-дене шынықтыру инструкторы
А.К.Тлеуова-мектеп психологі
Н.О.Енсебаев - әлеуметтік педагог
Н.К.Карагужинов-мектеп инспекторы
2. Кеңес ортысында оқушылардың тәрбиелік деңгейлерін анықтап, сынып
жетекшілері мен жауапты мұғалімдердің есебі тыңдалсын.
3. Алдын алу жұмыстарының қорытындысы педагогикалық кеңесте
қаралсын.
4. Кеңес отырысының жұмыс қорытындысы педагогикалық кеңесте
қаралсын.
5. Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңес отырысы төтенше жағдай кезінде
кезектен тыс өткізіліп отырсын.
6. Тәртібі төмен оқушылар арасында тақырыптық лекциялар, баяндамалар
оқылсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.К.Акимжановаға жүктелсін.



Директордың м.а.

Г.Ж.Анесова

Бұйрықпен таныстым:

А.К. Акимжанова

Ы.М.Рахимбаева

М.А.Смагулов

Е.Б.Муликов

А.К.Тлеуова

Н.О.Енсебаев

Н.К.Карагужинов

БЕКІТЕМІН: 
Мектеп директоры
Г.Ж.Анесова

"Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің" жұмыс жоспары

2025-2026 оқу жылы

Жұмыстың мақсаты: қиын жағдайға тап болған (күрделі әлеуметтік, отбасылық т.б.) жасөспірімге және оның отбасына білікті және уақытылы көмек көрсету.

Жұмыс міндеттері:

- Кәмелеттік жасқа толмаған балалардың мәселелерін шешуде өзара бірлесе жұмыс жасау;
- Кәмелеттік жасқа толмаған балалардың, шығармашылық потенциалын арттыруға және өмірде өз орындарын табуға, әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасау;
- Кеңес отырысында қарастыратын балалар мен олардың отбасын әлеуметтік патронажын ұйымдастыру;
- Білім беру мекемесіндегі жасөспірімдер мен балалардың қызметі мен мінез-құлығына бағытталған құқықтық, психологиялық, педагогикалық әсер етуді қамтамасыз ету.

Р.с	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	«Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесін» құру, жоспарын бекітуге ұсыну	Тамыз	Акимжанова А.К.
2	«Әлеуметтік бейімделмеген» балаларды анықтап, тізімін жасау, ата-аналарымен жұмыс жасау	Тамыз	Акимжанова А.К. Енсебаев Н.О.
3	Оқушылардың заңдарды, құқықтары мен міндеттерін білуі бойынша зияткерлік турнирлер, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру	Жыл бойы	Төрехан Е.
4	«Тәуекел» тобына жататын оқушыларды анықтау, тізімін жасау	қыркүйек	Тлеуова А.К.
5	Жол-көліктік жарақаттанудың алдын-алу бойынша іс-шараларды өткізу	Өр тоқсанның басы мен аяғы	Рахимбаева Р.М. Сынып жетекшілер
6	Балалар мен жеткіншектерді үйірмелерге, спорттық секцияларға, қосымша білім алуға жұмылдыру, ұйымдастыру	қыркүйек	Рахимбаева Р.М. Сынып жетекшілер
7	Мектеп оқушылары арасында әлімжеттік пен бопсалаудың алдын алу, құқықбұзушылықты болдырмау бойынша жасырын сауалнамалар алу және мектепке суық қару әкелудің алдын алу шараларын ұйымдастыру	Тоқсан сайын	Акимжанова А.К. Сағымбекова Н.Ж.
8	«Заң және қоғам» құқық апталығын өткізу	Қараша	Акимжанова А.К.
9	«Түнгі қала көшелері» рейд жүргізу	Қараша	Кеңес мүшелері
10	Есірткілік заттарды, синтетикалық есірткілерді және оларға ұқсас заттарды қолданудың неге алып келетінін түсіндіру. (9-11 сынып оқушыларымен)	Қараша	Зайцев Б.Н.
11	«Біз СПИД-ке қарсымыз» акциясын ұйымдастыру 5-11 сынып оқушыларымен	Желтоқсан	Ахметова Р.Н.
12	Ата-аналар жиналысында «Жазасыз тәрбие беру» іскерлік ойынын ұйымдастыру	Желтоқсан	Тлеуова А.К.
13	Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында спорттық іс-шаралар ұйымдастыру 1-11 сынып оқушылары және мектеп ұжымы арасында	Наурыз	Дене шынықтыру мұғалімдері
14	МІЕ және ІІБ инспекторларының қатысуымен дәрістерді, алдын алу әңгімелерін өткізуді, консультациялар ұйымдастыру	Жыл бойы	Акимжанова А.К.

15	Сауалнама «Өз құқығынды білесің бе?» 2-11 сыныптар арасында	Сәуір	Акимжанова А.К.
16	«Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі ережелерін түсіндіру (9-11 сыныптар)	Мамыр	Сынып жетекшілер
17	1-мамыр –Балаларды қорғау күніне іс-шаралар ұйымдастыру	маусым	Рахимбаева Р.М.

**Кәмелеттік жасқа толмағандар арасында құқықбұзушылықтың
алдын алу бойынша жұмыс жағдайы бойынша анықтама**

Мақсаты:

Білім беру ұйымдары оқушыларының құқықтық мәдениетін, Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясының негізгі ережелері туралы білім деңгейлерін арттыру. Сонымен қатар, мектептегі балалардың сапалы білім, медициналық қызметті алуына, қоғамдық өмірге араласуына, қауіпсіз ортада жеке өміріне құқығын жүзеге асыруына және әртүрлі қызмет саласында өздерінің құқықтарын пайдалануына мүмкіндіктері бар.

Мерзімі: қыркүйек, 2025 жыл.

Комиссиясы: ТЖДО, әлеуметтік педагог, мектеп психологы, сынып жетекшілер

Әдісі: әңгімелесу

Зерттеу түрі: тақырыптық

Қ.Бекқожин атындағы мектепте қылмыстың, суицидтің алдын алу, тұрмыстық қылмыстың алдын алу мақсатында жоспар құрылды. Құқық бұзушылықты алдын алу үшін жоспар ҚР ОАМ 2023 жылғы 3 наурыздағы №61 бұйрығы негізінде жұмыс жоспары бекітілді.

2025-2026 оқу жылында сәтсіз 1 отбасы, МІБ 10оқушы тіркелді.

Бірлескен жоспарларды полиция мен No3 емханамен жасалып, бекітілді. Жоспарға сай құқықбұзушылықты алдын алу мақсатында Павлодар қаласының прокуроры А. Ә.Солтан 02.10.2025ж 8-11 сыныптар (200оқушы) арасында «Кәмелетке толмағандар арасындағы буллинг пен суйцидті алдын алу» атты тақырыбында дәріс өткізді. Терроризмге қарсы полиция бөлімшесінің қызметкері подполковник А.Анишев жоғарсы сынып оқушыларымен дөңгелек үстелде кездесе, апта сайын оқушылармен және есепте тұрған оқушылармен жеке ақпараттық дәрістерді УПИ подполковник Н.К.Карагужинов өткізді.

Сынып жетекшілері мектеп пен отбасының ынтымақтастығын ұйымдастыруда жетекші рөл атқарады. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуге қатысты мектеп жүргізіп отырған саясатты отбасылардың қаншалықты түсінетінін және оны жүзеге асыруға қатысатынын олардың жұмысы анықтайды. Сынып жетекшілері ата-аналар арасында педагогикалық білімді насихаттауда көптеген жұмыстар атқарып, оқушыларды жас ерекшеліктеріне қарай тәрбиелеу бойынша дәрістер, ата-аналар жиналыстары, балалармен және ата-аналармен бірлескен іс-шараларды жүйелі түрде өткізеді. Бұл іс-шаралардың барлығы ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға, отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуін нығайтуға, оның тәрбиелік әлеуетін нығайтуға, сондай-ақ ата-аналарды бала тәрбиесіне тартуға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру жұмысының маңызы зор. Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл стратегиясына сәйкес сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті

қалыптастыру бойынша Жұмыс жоспары әзірленіп, құрастырылды. (Адал ұрпақ, дін және заң,) «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының әр оқу жылына арналған жұмыс жоспары бар. Жұмыс жоспарында адал ұрпақтың адамгершілік қасиеттерін дамытуға ықпал ететін іс-шаралар қамтылған. «Адал ұрпақ» жетекшісі А.Н.Салмханова мектепішілік шаралар ұйымдастырып, оқушылардың арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы үгіт-насихат жұмысын жүргізуде.

Білім берудің зайырлылығын қамтамасыз ету, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

— кәмелетке толмағандар істері жөніндегі полиция қызметкері Зайцев Б.Н. оқушылармен дірістер өткізді;

— әдебиеттер, плакаттар көрмелер ұйымдастырылды;

— ІІБ, ІІБ қызметкерлерімен, мектеп инспекторымен, учаскелік полиция қызметкерімен кездесулер ұйымдастырылды;

Оқушыларға құқықтық тәрбие беру мақсатында

— сынып жиналыстарында оқушыларға арналған мектеп ережен зерделеп және талқыланды;

— сынып сағаттарында «Бала құқықтары туралы» Заңды зерделеді;

— кәмелетке толмағандардың жауапкершілігі туралы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін зерделеу;

— құқықтық білім айлығын өткізу жоспарланды;

5-11 сынып оқушылары арасында мектептегі нашақорлықтың алдын алу бойынша «Есірткіге ЖОҚ!» тақырыбында дәріс, «Бақытым да байлығым да – денсаулық», «Лудомания және оның қауіптері» ақпараттық сағат өткізілді.

Булингке қарсы күрес челенджіне оқушылар белсене қатысуда. «Токтат!» 8А, 9Б, 9А, 10А сыныптары қатысып, булингтің қыр-сырын көрсетті. «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Өмір – ең жоғары құндылық» және т.б. тақырыптар бойынша постерлік ақпараттар үнемі өзгертіліп отырады. Мұғалімдер мен ата-аналарға суицидтік мінез-құлықты тану және алдын алу бойынша жадынамалар әзірленуде. Балаларға, ата-аналарға және мұғалімдерге жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмыстардың алдын алу бойынша парақшалар әзірленді.

Фельдшермен бірге жыныстық сауаттылық пен ерте жүктіліктің алдын алу бойынша іс-шаралар жүргізуде.

Мектебімізге бекітілген учаскелік инспекторы Н.К.Карагужиновпен зор жұмыс атқарылуда. «Нашақорлық ғасыр дерті», «Питарда атудың қауіптері», «Бірыңғай құқықтық білім күні» өткізуіне үлес қосты. «Мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтамауы» атты көптеген дәріс өткізеді.

Қылмыстың алдын алу жөніндегі кеңес отырыстарында МІБ жасөспірімдердің мінез-құлқы мен оқу үлгерімінің мәселелері тұрақты түрде тыңдалады. Қылмыстың алдын алу айлықтары кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелерін шешуде тиімді. Құқықбұзушылықтың алдын алу айлығы аясында оқушылар арасында жол қозғалысы ережелері, салауатты өмір салты, құқықтар мен міндеттер,

құқықтық білімді насихаттау тақырыптарында пікірталас жүргізілуде».
(сынып сағаттары жол жүру ережелері,)

Мектептің педагогикалық ұжымы оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға бар күшін салуда.

Шешімі:

1. Әлеуметтік педагог Енсебаев Н.О. пен сынып жетекшілер бірлесе қылмысқа бейім оқушыларды анықталсын.
2. Қылмысқа бейім және есептің барлық түрлерінде тұрған оқушылардың деректер банкін жинақтау әлеуметтік педагог Енсебаев Н.О., мектеп психологы Тлеуова А.К., 1-11 сынып жетекшілермен жұмысы жалғастырылсын.
3. Кәмелетке толмағандармен және ата-аналармен жеке жұмыс жүргізілсін.
4. Тақырыптық сынып сағаттар, әңгімелер, лекциялар өткізілсін.
5. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша ақпараттық, үгіт-насихат және кеңес беру жұмыстарын жүргізілсін.
6. Бақылау күнделіктерін жүргізілсін.
7. Учаскелік инспектор, мектеп инспекторымен бірлесіп жұмыс істелсін.
8. Профилактикалық кеңестің қызметі.
9. Құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл.

Қаулы: Оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысы қанағаттарнарлық деп саналсын.

Ұсынымдар:

Тақырыптық топтық сағаттар, әңгімелер, лекциялар АКТ мүмкіндіктерін сабақта қолдану.

Сынып сағатын өткізуде сергіту сәті, логикалық ойындар, нейрогимнастиканы қолдану.



Мектеп директоры: 

Г.Ж.Анесова



